

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Дәрігерлікке дейінгі дайындық кафедрасы

СӨЖ

**Тақырыбы: “Дәрігер-медбике-науқастың арасындағы
қарым-қатынас”**

Орындаған: .Авелова А

Топ: 118-топ ЖМФ

Тексерген: Ильясова А

I. Кіріспе

1. Этика түсінігі.

II. Негізгі бөлім

1.Дәрігер мен медбике арасындағы қарым-қатынас.

2.Дәрігер мен науқастың арасындағы қарым-қатынас.

3.Науқас пен медбике арасындағы қарым-қатынас.

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер

Этика

- Этика дегеніміз-ұнамдылық және мораль туралы ғылым.
- Медициналық этика – бұл ұнамдылықтың маңыздылығы медицина қызметкерлерінің іс-әрекетіндегі принциптері, олардың науқасқа жоғары адамгершілік қатынасы туралы ғылымның бір бөлігі.
- Медициналық этиканың негізгі мәселелері:
 - ✓ Моральдық принцип бойынша әрекет жасау
 - ✓ Ауруға қамқорлықпен қарау
 - ✓ Әрқашан медициналық көмек көрсетуге дайын болу
 - ✓ Адамгершіліктің кәсіптің салт-дәстүрлерінің сақтау

Гиппократ анты

“Гиппократ анты”-негізгі медициналық этиканың ережелер кешені, ол былай деп үндейді:

- ❖ “Non nocere” (“Қауіп келтірме”) — басты этикалық принцип.
- ❖ Ең жоғары байлық — адам өмірі.
- ❖ Дәрігер әрбір науқастың жеке өмірін сыйлау керек, моральға жатпайтын қылыштардан аулақ болу керек.
- ❖ Дәрігер кәсіби этикасын сақтауға, өзінің мамандығын сыйлау керек.

Дәрігер мен медбикенің арасындағы қарым-қатынас

Медициналық этикет қызметкерлер арасындағы субординацияны қатаң ұстанады, яғни лауазымы төмен қызметкерлер лауазымы жоғары қызметкерлерге бағынады (медбике дәрігерге).

Бұл—дисциплинаның сақталуына, колективтегі “Сіз” атты бір-біріне деген құрметтің қалыптасуына, науқастарға қарау кезіндегі тәртіптің болуына, басшылардың авторитетінің қорғалуына он әсер етеді.

Есте сактау керек:

- Орта медициналық қызметкер дәрігердің алдында өз білгенін, диагностикадағы біліктілігі мен икемділігін асыра көрсетпеген жөн;
- Науқастың, оның туыстарының алдында дәрігер не медбикенің қателіктерін айтпау тиіс;
- Дәрігерлер де қызметкерлер де өзара субординацияны сақтап, жасы, жынысына қарамастан “Сіз” деп араласқан жөн.

Медициналық қызметкер қандай қасиеттерге ие болуы керек?

- Моральдік-шыдамдылық, батылдық, нәзіктік, шыншылдық, адалдық, қарапайымдылық, еңбексүйгіштік, қамқоршылық.
- Эстетикалық-сөзсіз таза сырт келбет, жаман әдеттердің болмауы, тазалық.
- Интеллектуалдық-эрудиция, инициативалық, логикалық, жоғары дәрежелі медициналық қызметкер болып қалыптасуға деген талпыныс.

Дәрігердің қасиеттері:

Адамгершілік



Еңбекқорлық



Шыдамдылық



Сабырлық



Парасаттылық



Тазалық



Ізеттілік



Дәрігер мен науқастың арасындағы қарым- қатынас

Дәрігердің науқаспен жақсы тіл табыса алуды болашақ емшараны жүргізуге онынан ықпалын тигізеді. Қарым-қатынас орнау үшін, ең бастысы науқастың дәрігерге деген сенімін қалыптастыру. Оған дәрігердің өзін-өзі ұстаяу, киген таза киімі, яғни колпак, халаттың үтіктеулі болуы, жаққан далабы қатты көзге түспейтін, иіссуы өте өткір болмауы, жүрген жүріс-тұрысы бәрі де науқаспен арасындағы контактіге әсерін тигізеді.

Дәрігермен науқастың арасындағы қарым-қатынас кезінде ұсталынатын ережелер:

- ❖ Дәрігер науқасты барлық артық – кемшіліктегімен қабылдау керек.
- ❖ Оның ойы мен қалауын сыйлау керек.
- ❖ Науқастың адамгершілік қасиетін таптамау керек.
- ❖ Уәдені орындай алмаса, науқасты босқа үміттендірмеу.
- ❖ Шындық қаншалықты ашы болса да, тәтті болса да оны науқасқа жаймен жеткізу керек.
- ❖ Науқастың дәрігерге деп сенілген ақпаратты таратпау.

Медбике мен науқастың арасындағы қарым-қатынас

Қазіргі заманның медбикелері тек қарапайым дәрігердің айтқанын орындайтын медқызметкер ғана емес, ол барлық аурулардың шығу тарихын, емдеу жолын біletін, соның нәтижесінде науқасқа жоғары дәрежедегі қызмет көрсете алатын профессионал адам.

Медбике әрқашан жинақы, қарапайым, өз мақсатына жететін, салмақты, шешімді тез, әрі дұрыс шығаратын, бір беткей, ашуға жол бермей, бәрін ақылмен басатын сабырлы болуы тиіс.

Венгерлік психотерапевт И.Хардиң сараптамасындағы медбике типтері мен науқастармен қарым-қатынасының өзгешеліктері:

- Рутинер-медбике.

Ондай медбике өз міндетін “машина” тәрізді бұлжытпай орындаиды. Ол үйіктап жатқан науқасты оятып, дәрігер ұсынған үйіктататын дәріні ішінгіз деп оятуы мүмкін.

- Артистік тип.

Мұндай типті медбикелер белгілі бір мақсатқа жету жолында түрлі рөлдерді ойнауы мүмкін. Науқаспен арасында нәтижесінде “Оған текке уақытымды кетіріппін....” немесе “одан түк пайда жок....” деген сияқты сөздерді айтуды жиі кездеседі.

- Ер мінезді тип.

Негізінен денесі ірілеу, шешімді тез қабылдайтын, энергиясы толы, оларды науқастар жиі жүрген жүрісінен-ақ алыстан таниды, бірақ ыңғайсыз жағдайларда олар ашұлы және қатал болып келеді.

- Ана тәрізді тип.

Бұндай типті медбикелер науқастарға үлкен қамқорлықпен қарайды, бүкіл жерде бәріне үлгеріп, жас медбикелерден еш кем қалмайды, көбіне толықша келген адамдар жатады.

- Ашушаң типі.

Медбике көбіне көнілсіз, шаршаған, жұмыс істеуге ниеті жоқ болып келеді. Бұл әсер науқастармен қарым-қатынаста теріс әсерін береді. Ондай медбикелер дәріге құмар болуы мүмкін.

Қорытынды

Мейірбике де, дәрігер де емделушіге тәуелсіздікті, өзі мен қоршаған орта арасындағы үйлесімді тез қайтару үшін қолынан келгеннің бәрін істеу керек. Бұл жолда емделушінің барлық проблемаларын шешуге тура келеді—физикалық, әлуметтік, рухани, психологиялық. Вирджини Хендерсонның жақсы анықтамасы бойынша: “Біздің міндетіміздің бірі—адамның денсаулығына, сауығуына және тыныш өліміне қатысы бар іске көмек көрсету” болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1. “Мейірбике ісінің негіздері” С.Қ. Мұратбекова**
- 2. “Сестринское дело” И.В. Яромич**
- 3. <http://www.google.kz>**